

## ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫН ЖӘНЕ ОҒАН ӘЛЕМДІК ҚАРЖЫ ДАҒДАРЫСЫНЫҢ ӘСЕРІН ТАЛДАУ.

Еркебаев Б.Қ.


*Известно, что от мирового финансового кризиса пострадала прежде всего финансовая система развитой Европы и США, о чем свидетельствует громкие банкротства известных финансовых институтов. Некоторые эксперты утверждают, что казахстанский фондовый рынок не испытывает таких же потрясений в силу своей неразвитости. К сожалению, финансовая статистика доказывает обратное.*

*It is known that the financial system of the developed Europe and the USA to what testifies loud bankruptcies of known financial institutions has suffered from world financial crisis first of all. Some experts assert that the Kazakhstan share market does not test the same shocks owing to the backwardness. Unfortunately, the financial statistics proves the return.*

АҚШ елінен бастау алған әлемдік қаржы дағдарысы Қазақстан қор нарығына әсер етпей қоймады. Көптеген ірі компаниялардың (Lehman Brothers инвестициялық банкі және т.б) банкротқа ұшырауы, кейбіреулерінің акцияларының құнсыздануы (Merrill Lynch) дүниежүзінің небір қор индекстерінің құлдырауына алып келді. Бірқатар сарапшылар Қазақстанның қор нарығы өзінің дамымағандығының күшінен ондай дағдарысты сезіп жатқан жоқ дегенді айтады. Алайда, төменде жүргізілген талдау керісінше дәлелдейді.

Қазақстандағы қор нарығы жағдайының негізгі индикаторы – Қазақстандық қор биржасымен (KASE) ұсынылған ұйымдастырылған нарық болып табылады.[1]

**KASE – тің ЖІӨ-ге қатысты капитализациялануы**



Дерек көзі: Қазақстан қор биржасының сайты [www.kase.kz](http://www.kase.kz)

Осылайша, жоғарыда көрсетілген суреттен ЖІӨ-ге қатысты қор нарығын капиталдандыру көрсеткішінің азаю байқалуда, яғни KASE – тің ЖІӨ-ге қатысты капитализациялануы 2008 жылдың 1 қазанында 44,43% немесе 7 044 940 млн. теңгені және 2009 жылдың 1 қаңтарында 33,31% немесе 5 281 34 млн. теңгені құрады.

Әлемдік қаржылық дағдарыс Қазақстандық қор нарығына үлкен кері әсерін тигізді. Кейбір дербес жағдайларда, Қазақстанның қор биржасының эмитенттерінің нарықтық капиталдандыру көлемі, 2007 жылдың маусым айында жеткен шыңынан (100 млрд.долл. шамасында), 2008 жылы қараша айының басында жобамен 3,3 есе төмендеді. KASE Shares акциясының индексі 2007 жылдың басынан 2,4 есеге төмендеді, ал 2007 жылы шілде айының ортасында жеткен максималды мәнінен 2,96 есе түсімді көрсетті. Дағдарыстың екі жыл аралығындағы ауытқу 3,6 есеге жетті, мұндай көрсеткіш бізден де дағдарыстан қатты зардап шеккен дамушы қор нарықтарының көрсеткіштерімен сай келеді. Оның қатарына Ресей және Қытай елдері де кіреді.[2]

Осыдан келе, 2007-2008 жылдардағы дағдарыс қазақстандық қор нарығына тікелей түрде әсер етті.

Қазақстандық қор нарығын дағдарыс кезеңінде қарастыра отырып, оның бірнеше негізгі ерекшеліктерін белгілеуге болады:

Біріншіден, қазақстандық нарық ол, әлемдік құлау және ауытқу көшбасшыларының қатарында болды.

Екіншіден, Қазақстан ең алдымен мұнай шығаратын ел болса да, қордың көрсеткіш түсімі басқа шикізат экспорттаушы елдерде сияқты 2008 жылдың көктемінде емес, 2007 жылдың жазында басталды. Бұл түсім Қазақстан банктерінің бағалы қағаздарының котировкасының түсуімен байқалды, оған себеп АҚШ ипотекалық дағдарысы болып табылады. Ал жоғарыда аталған Қазақстандық қор индексінің мұндай динамикасы отандық нарық құрылысының ел экономикасының құрылысына сәйкес келмеуі болып келеді. Қазақстан қор биржасында, биржа акцияларының индексында, тіпті Лондон қор биржасының депозиттік құрылысында ең өтімді бағалы қағаздар – бұл шикізат экспорттаушы компаниялардың емес, ал банктердің қағаздарын көрсетеді. Осының салдарынан қаржылық сектор проблемасы дағдарыстың басты көзі болып табылады, осыдан келе бүкіл қор нарығының төмендеуіне әкелді.

Үшіншіден, Қазақстандық нарық өзінің салалық шектеулілігінің әсерінен осы сыртқы шоктарға көбірек әлсіздік көрсетті, өйткені 2007-2008 жылдардағы дағдарыс барысында көбірек зардап шеккендер қатарына

қаржылық және өндіруші компаниялар болып отыр. Ал, бұл компаниялар Қазақстанның акция нарығының негізін құрайды. Осылайша, Қазақстандық қор биржасының индексіне 2008 ж. қараша айына сегіз эмитент болды, оның бесеуі – банктер (БТАБанк, БанкЦентрКредит, Қазақстан Халық Банкі, Казкоммерцбанк және Темірбанк), ал екеуі – тау кен өндіруші компаниялары (Қазақмыс және ҚазМұнайГаз) және тек қана бір эмитент (Қазақтелеком) қалған барлық экономиканы көрсетті. Бұл дегеніміз, қор нарығында «баспана» активтерінің жоқ болуы. Яғни, жаһанды күйзеліс кезінде инвесторлар құралдарына «жай айлақ» ретінде болар еді. Мұндай баспаналар болып ішкі сұранысқа бағытталған компаниялар акциялары және әлемдік конъюктураға азырақ тәуелді болу керек, бірақ Қазақстандық нарықта «Қазақтелекомнан» басқа өтімді бағалы қағаздар жоққа келеді.

Әлемдік дағдарыс жағдайында, қаржылық сектор оның пайда болу көзі болып табылады және де бұл сектор ғаламдық экономикада ең ауқымды зардап шеккен. Қазақстандық банктердің акциялары жоғары қысым жағдайында тұрды, әсіресе Лондондық қор биржасындағы халықаралық инвесторлардың акциялары БТАБанк және Казкоммерцбанк акциялары өзінің максимумынан 6 есе арзандады. Қазақстанның дағдарыс соққысын бірінші болып алуына Қазақстандық банк жүйесі әлемдік экономикамен ықпалдастыққа ең жақын жүйенің бірі болғандығы себеп болған. Дағдарысқа дейін Қазақстан банктерінде әлемдік капитал нарығына шектеусіз мүмкіндік болды, яғни шетелдік арзан капиталды тарту бағытында жүрді. Қазақстандық банктер сыртқы арзан ақшаға үлкен көлемде қол жеткізген соң, оны дұрыс бөлу мүмкіндігі болмады. Мысалы, «мұнай-газ саласы олар үшін жабық болды. Сондықтан оны құрылыс, шағын және орта бизнеске салып, үлкен көбік пайда болды. Осы тұста банктер ұтылысы болды» дейді HSBC өкілі. Алайда, қазақ банктерінің жағдайы қазір де жаман емес дейді ол. Оның айтуынша, оған жету жолында үкіметтік қадағалау ұйымдарының орны зор болған.[3]

Мұндай жасалған қадам сыртқы нарық айналымында жүрген бірқатар қазақстандық компаниялардың негізгі акцияларының құлдырауына қауіп төндірді. Құны төмендеген бұл акцияларды шетелдіктер жаппай сатып алуы әбден мүмкін еді. Міне, осындай жағдайларға байланысты Қазақстан Республикасының Президенті шұғыл да тиімді шешім қабылдап, Үкіметке мемлекеттік «СамрұқҚазына» қоры қаржысының есебінен бұл акцияларды сатып алу жөнінде нұсқау берді. Міне, осындай жедел жасалған көрегендік шаралардың нәтижесінде қор биржалары ойыншыларының ақпараттық технологияны өз мүдделеріне пайдалану арқылы Қазақстанның бағалы активтерін өз қолдарына ала қоймақ болған ниеттеріне тосқауыл қойылды. Бұдан шығатын қорытынды, көп ретте рейтингтік агенттіктердің сәуегейлілігіне де сене беруге бола бермейді.

Қорыта келетін болсақ, отандық қор нарығымызды жандандыру үшін мемлекет тарапынан нәтижелі шаралар қолданылуы қажет. Ең маңыздысы,

білім ошақтарында міндетті түрде барлық мамандық студенттеріне қор нарығы туралы арнайы пән енгізілуі, сондай – ақ мектептен де бастап оқушыларды қаржылық сауаттылыққа үйрету керек деп ойлаймын. Еліміздің қор нарығының қазіргі жағдайына тоқталатын болсақ, оның тек мәселелерін ғана емес, сондай – ақ осы уақытқа дейін жеткен жетістіктерін де айтуға болады.

Қазіргі уақытта 2007 – 2009 жылдарға арналған ҚР халқының қаржылық сауаттылық және инвестициялық мәдениетін жоғарылату Бағдарламасы аясында бірқатар маңызды шаралар жүзеге асырылуда. Сондай-ақ қор нарығының дамуына үлес қосатын, қызметінің басталғанына екі-ақ жыл толған Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының (АӨҚО) маңызы зор.[4]

#### **Әдебиеттер:**

1. KASE – Қазақстан қор биржасының есептемесі 2009ж. [http:// www.kase.kz](http://www.kase.kz)
2. Rating Direct. Standart & Poor's, 2007. [http:// www.standardandpoors.com](http://www.standardandpoors.com)
3. LME OFFICIAL-CLOSING & REFERENCE PRICES. [www.lme.co.uk](http://www.lme.co.uk).
4. Текущее состояние рынка ценных бумаг Республики Казахстан на 1 января 2009 года. [www.afn.kz](http://www.afn.kz)